

2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Хромтау қаласының әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 156 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 шілдеде № 8608-04 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 190 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 12.12.2024 № 190 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 тіркелген) сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Хромтау қаласының әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі осы шешімге қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Суентаева

Ақтөбе облыстық мәслихатының
2024 жылғы 10 шілдедегі № 156
шешіміне қосымша

2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Хромтау қаласының әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі

№	Маршруттың атауы (маршрут нөмірі)	Маршрут түрі (атауы)	Әдістемеге сәйкес анықталған 1 жолаушыға арналған Тариф	1 жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф	Нақты және ұсынылған тариф арасындағы айырмасы	Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастардың жылдар бойынша бөлінісіндегі 3 жылға болжамдалатын субсидиялау көлемі

1	2	3	4	5	6	7			Барлығы
						2024	2025	2026	
1.	№ 1	"Акжол" дүкені – " 2 2 квартал" аялдамас ы	354,29	80	274,29	8 600 391	8 600 391	8 600 391	25 801 173
2.	№ 2	"Жаңа станция" аялдамас ы – "22 квартал" аялдамас ы	345,22	80	265,22	8 181 609	8 181 609	8 181 609	24 544 827
3.	№ 3	"Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Дөң ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекет тік мекемесі – " Қазпошта " Акционе рлік қоғамын ың филиалы	531,99	80	451,99	64 489 787	64 489 787	64 489 787	193 469 361
		Барлығы				81 271 787	81 271 787	81 271 787	243 815 361